

**ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Индустрия және
жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешевтің Қазақстан
Республикасы Парламент Мәжілісінде
2014 жылғы 16 маусымында өтетін
«Қазақстан Республикасы туристік саласының даму
перспективалары» тақырыбында өтетін Үкіметтік сағатта
оқитын баяндамасы**

**Құрметті депутаттар!
Құрметті әріптестер!**

Мемлекет басшысы туристік саланы дамыту мәселесіне аса назар аударып келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасы шеңберінде, ИЖТМ Туристік саланы дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекітті (1-слайд).

Туризм әлемдік экономикада маңызды рөлге ие. Әлемдегі әрбір 11-жұмыс орны туризм арқылы құрылған. Әлемдік ЖІӨ-де туризмнің үлесі **9,4%-ды** құрайды, яғни 6,8 трлн. долл. сайма-сай келеді. Халықаралық туристік келулер жыл сайын артып, 2013 жылы 1,1 млрд. адамға жетті. Туризм - жұмыс орындарын құру, төмен және орта біліктілікті қызметкерлерді жұмыспен қамту, экономиканы жан-жақты дамыту, экономиканың аралас салаларын арттыру шарттарын құрушы мультипликативті әсері арқылы әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды қозғалтқышы болып табылады (2-слайд).

Туризмнің бастапқы кезеңі тек мемлекеттің қолдауы арқылы ғана дами алатындығы халықаралық тәжірибе арқылы дәлелдеген. Қажетті заңнамалық шаралар мен салықтық жеңілдіктер қабылданудың арқасында Түркияның ЖІӨ-не туризмнің қосқан үлесі - **10,9%, жұмыспен қамту - 2 млн. жұмыс орынын құрайды**. БАӘ-де ЖІӨ-ге туризмнің қосқан үлесі – **14,3%**, жұмыс орынының саны – 383 мың орынды құрайды (3 және 4 слайдтар).

Қазіргі күнде, Қазақстанның туристік индустриясының қарқынды дамуына маңызды деп саналатын бірқатар проблемалық мәселелер кедергі келтіруде.

Бірінші кезекте, туристік қызмет құнының жоғары болуы, туризм инфрақұрылымының болмауы, чартерлік

әуетасымалының проблемалары, көрсетілетін қызмет дәрежесінің төмен болуы, виза жүйесі мен көші-қон тәртібінің күрделі болуы және т.б.

Дегенмен, Қазақстанның халықаралық туризм нарығына кірудің өзіндік перспективасы бар. Әлемдік туризм дамуының үштен екісін біздің көршілес мемлекеттеріміз қамтамасыз ететіндігін айта кеткен жөн, бұл 200 млн. туристі құрайды. Біздің әлеуетті нарығымыз – ол ең алдымен дамып келе жатқан ішкі нарық, сондай-ақ Ресей, Қытай, Еуропа және Таяу Шығыс (5-слайд).

Канада, Германия, Испания, Хорватия елдерінің ірі халықаралық консалтингтік компанияларының қатысуымен ИЖТМ Қазақстан Республикасы мен бес өңірді дамытудың жүйелі жоспарларын әзірледі. Жүйелі жоспарлар негізінде туристік саланы дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы әзірленіп, бекітілді. Өткізілген зерттеулердің қорытындылары курорттарды дамытуда жоспарлы түрде қолданылып отыратындығын атап өткіміз келеді, сонымен а.ж. 12 мамырында Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамытудың 2014-2016 жылдарға арналған жоспарының 2-кезеңі бекітілді. Тоқтала кетсем, Бурабай курорттық аймағында орналастыру пункттері мен аймаққа келушілердің саны 3 есеге артты.(6-слайд).

Жалпы тұжырымдамада еліміздің бес туристік кластері қарастырылған: Астана, Алматы, Шығыс, Оңтүстік және Батыс Қазақстан. Елорданың Солтүстігі мен Оңтүстігі іскерлік туризм ретінде, Алматы халықаралық тау туризмінің орталығы ретінде айқындалған. Шығыс Қазақстан – экологиялық туризмнің даму орталығы. Оңтүстік Қазақстан кластері – мәдени туризм. Батыс Қазақстан кластері – мәдени және жағажай туризмі болып табылады. Аталған кластерлерде мынадай ұлттық жобаларды іске асыру көзделген: Астана кластерінде-Бурабай, Алматы кластерінде-Оңтүстік Қаскелең мен Көкжайлау тау шаңғы курорттары, Шығыс Қазақстан кластерінде-Бұқтырма мен Катон-Қарағай, Батыс Қазақстан кластерінде-Кендірлі (7-слайд).

Курорттық аймақтарды құру күрделі шығындардың үш элементін ұсынады – сыртқы магистральді инфрақұрылым,

ішкі инженерлік, туристік инфрақұрылым және коммерциялық объектілер.

Сыртқы инфрақұрылымды дамыту толық мемлекет есебінен, ал экономикаға инвестицияны қайтару жаңа жұмыс орындары мен бюджет кірістері есебінен қамтамасыз ету көзделген. Жалпы құрылымдағы аталған шығындардың үлесі 15-25%-ды құрайды.

Ішкі инженерлік және туристік инфрақұрылым төмен кіріс пен ұзақ мерзімді қайтарымға байланысты МЖӘ нысанындағы инвестицияны талап етеді. МЖӘ-нің аса проблемалы құралы – мемлекеттік операторларды капитализациясы және ұзақ мерзімді жеңілдікпен қарыз алу болып табылады. Аталған механизмнің концессиядан ерекшелігі: сапалырақ туристік инфрақұрылымдармен қамтамасыз ететін курорттық аймақтарды дамытудың біртұтас ұзақ мерзімді тәсілін қолдануға мүмкіндік береді. Шығындардың үлесі - 25-35%-ды құрайды.

Жылжымайтын мүліктерді салу - ұзақ және үлестік қаржыландыру құралдарының көмегімен және жеке қаражат есебінен жеке инвесторлар арқылы толық іске асатын шығындардың тиімдірек элементін көрсетеді. Жылжымайтын мүлік шығындарының құрылымында 50-60%-ды құрайды (8-слайд).

Қазіргі кезде аталған схемаға «Самрұқ – Қазына» АҚ қатысуының мүмкіндігі қарастырылуда.

Қазіргі күнде инвесторлары бар кейбір жобаларды атап өтуге болады. Олар: Алматы қаласының маңындағы «Көкжайлау» тау шаңғы жобасы, Ақмола облысындағы «Бурабай» АЭА аумағындағы коттедждер қалашығы құрылысының жобасы. «Кендірлі» курортын дамытуға RixosHotels тарапынан туристік инвесторлар қызығушылық танытты (9-слайд).

Туризм саласын қаржыландыру мен басқаруға мемлекеттің қатысу деңгейіне, сондай-ақ нормативтік-құқықтық өзгерістер тереңдігіне байланысты дамудың үш сценарийін бөлуге болады.

Мемлекеттің тікелей қатысуымен ірі жобаларсыз, жоспардан тыс инфрақұрылымға мемлекеттің қосымша инвестициясынсыз, сондай-ақ жобаларды басқару жөніндегі

мемлекеттік операторлар құрусыз туризмдегі жұмыс орындарын құру 2020 жылға қарай шамамен 50-60 мыңды құрайды. Бұл ретте туризм саласындағы жеке инвестиция шамамен 2 млрд. АҚШ долл., ал ЖІӨ-дегі туризмнің үлесі - 1%-ды құрайды.

Сонымен қатар, инфрақұрылымға мемлекет тарапының 800 млн.АҚШ долл. көлеміндегі қосымша инвестициялық ықпалы туристік инфрақұрылымға МЖӨ механизмі арқылы қосымша 1,3 млрд. АҚШ долл. тартуға мүмкіндік береді. Заңнамаға келісілген өзгерістер енгізуді ескере отырып, жеке жобаларға операторлардың болуымен аталған сценарий 2020 жылға қарай 150-170 мың жұмыс орындарын құруға, 4-4,5 млрд. АҚШ долл. жеке инвестициясын тартуға және ЖІӨ-дегі туризмнің үлесін 1,5%-ға арттыруға мүмкіндік береді.

Ең қолайлы сценарий бойынша инфрақұрылымға мемлекеттің қосымша инвестициялары МЖӨ шеңберіндегі 2 млрд. АҚШ долл. дейін инвестициялауды ынталандыратын 1,5 млн.АҚШ долл. құрайды. Бұл ретте туризм саласында ұлттық компания нысанында жобаларды басқару жөніндегі біріңғай мемлекеттік операторы құрылатын болады, ал заңнамаға қажетті барлық өзгертулер толық көлемде енгізілетін болады. Мұндай жағдайда жаңа жұмыс орындарының саны – 270-300 мыңды, жеке инвестиция – 6-6,5 млрд. АҚШ долл., ал ЖІӨ-дегі туризмнің үлесі - 3%-ды құрайтын болады (10-слайд).

Қолданыстағы заңнама базасына қажетті мүдделі мемлекеттік органдарымен келісілген нормативтік өзрістер енгізу тізіміне мынадай шаралар енді: елге шетелдік туристер ағынын арттырумен қамтамасыз ететін визалық тәртіпті жеңілдету, туристік өнімдерді арзандату, мәселен туристік сертификаттар шығару жолымен ел ішінде демалуға арналған қызметкерлерге жолдама, ұйымдар мен кәсіпорындарда ынталандыру механизмін енгізу арқылы ішкі және әлеуметтік туризмді дамыту. Аталған шаралардың айтарлықтай әлеуметтік әсері болады. Сондай-ақ, мақсаты рейістерді жиілендіру, ішкі нарықтағы бағыттарды арттыру, әуе билеттерінің құнын арзандату, ең болмағанда еліміздегі ішкі туризм көрсеткішін арттыру болып табылатын азаматтық

авиация қызметтерін реттеудің жалпы саясатын өзгерту ұсынылады (11-слайд).

Мемлекет басшысы туризм саласын дамытудың мынадай жаңа әдістерін қолдады:

- **арнайы туристік аймақтар құру** – мәселен «Бурабай» АЭА, индустриалды АЭА-ның тәртібі курорттық аймақтарға сай келмейді. Осыған байланысты «Бурабай» АЭА-ын жою бойынша рәсімдер басталды және алда арнайы туристік аймақтардың жаңа тәртібін енгізуді ұсынамыз. Аталған механизм шеңберінде: инфрақұрылымға бюджеттік инвестициялар тарту, тұрудың түрлерінсіз шетелдіктердің жылжымайтын мүліктерді сатып алуы, ойын-сауық мекемелеріне лицензия алу мүмкіндіктері ұсынылады.

- **ұзақ мерзімді қарызға қаржы беру механизмін енгізу**- туризмдегі масштабты жобалар коммерциялық емес объектілерді құрамына енгізу қажет. Осыған байланысты, арнайы туристік аймақтардағы ірі инвесторларға арналған жеңілдетілген ақы бойынша ұзақ мерзімді қарызға теңгемен қаржы беруді ұсынамыз. Аталған шара Бүкіләлемдік банкпен серіктесу туралы келісімде ықпалдастырылуы мүмкін.

- **визалық және көші-қон тәртіптерін жеңілдету**- жүргізілген талдаулар ТМД елдерінен басқа біз үшін маңызды нарық Қытай, Таяу Шығыс және Индия елдері болып табылады. Осыған байланысты, әсіресе осы елдермен визалық және көші-қон тәртіптерін біржақты оңайлату туралы, атап айтқанда 15 күнге дейінгі сапар үшін көші-қон органдарындағы тіркелудің күшін жою және визаны онлайн-ресімдеу сияқты саяси шешімдер маңызды.

Салаға мемлекет тарапының толық қолдауында 2020 жылға қарай ЖІӨ-нің 3%-ын бере алады, жеке инвестициялардың шамамен 6,5 млрд. долл. тартуға және 300 мың жаңа жұмыс орындарын құруға болады. Туризмдегі бір жұмыс орыны өндірістегі жұмыс орынына қарағанда 10 есеге арзанға шығады және қызметкерлерді жұмыспен қамту әсіресе төмен және орта білікті жастардан және әйелдерден құралатындығын атап өткен жөн. Бүгінгі құрылымдық сындарды ескере отырып, туризм мемлекет үшін стратегиялық маңызды сала болуы қажет.

Халықаралық және қазақстандық компаниялар қатарындағы әрбір басым жобалардың инвесторларын қолдауды, оның ішінде ұлттық холдингтерді әріптестер сипатында тарту және оларға жеңілдікпен қаржыландыруды жоспарлап отырмыз.

Туризмді дамыту, қойылған мақсатқа жету мүмкін емес шешімді қадамды қажет ететіндігін ескере отырып, Тұжырымдама құрамына нормативтік базаға қажетті өзгерістер тізімі енеді және біз құрметті депутаттар, аталған мәселелерді шешуге қолдау көрсетіндіктеріңізге үміттенеміз!

Біздің бірлескен еңбегіміз заманауи инфрақұрылымды қалыптастыруға, экономиканы құраушы саланы дамытуға, курорттық аймақтардың керемет табиғи ортасын сақтаумен қамтамасыз етуге, толық демалу, қазақстандық және шетелдік азаматтардың сауығуына түрткі болады.

Назарларыңызға рахмет!